<question> 74 жастағы науқас, жалғыз тұрады. Ентігу және әлсіздікпен қаралды. Объективті: тері жабындысы мен көзінің шырышты қабаты бозғылт-сарғыш түстес, беті, аяқтары ісінген. Перифериялық нейропатия белгілері (ишиалгия, парестезиялар). Тілі таза, ашық қызыл түсті. Тахикардия, 110 мин. Жүрек тондары анық, барлық нүктелерде жұмсақ систолалық шу. Сіздің диагнозыңыз.
<variant> витамин В-12 тапшылықты анемия
<variant> теміртапшылықты анемия

<variant> ЖИА, жүрек жетіспеушілігі
<variant> жүре дамыған жүрек ақаулары, декомпенсация
<variant> гипотиреоз
<question> 69 жастағы ер адам тәбеті жақсы болғанмен "себепсіз" салмағының жоғалтуына, кейде дене қызуының 38-38,5С жоғарылауына, физикалық күш түскенде шаршағыштыққа шағымданады. Бұрын ауырмаған. Объективті қарағанда сыртқы пішіні жас көрінеді, тахикардия, мерцательді аритмияның пароксизмі жазылған. Бірінші орындағы параклиникалық зерттеу қандай?
<variant> қалқанша безінің УДЗ
<variant> ЭКГ қайталау
<variant> ЭхоКГ
<variant> тазалыққа қанды себу
<variant> кеуде клеткасының рентгенографиясы
<question> Қант диабетінің 2 типімен (инсулинге мұқтаж кезеңі) ауыратын егде жастағы әйел кетоацидоздық комамен реанимация бөлімшесінде жатыр. Объективті: есі жоқ, жарыққа көзінің жанарының реакциясы сақталған, гиперрефлексия. Терісі құрғақ, тургор төмендеген. ТЖ- 26 мин. Ацетон иісі. Гликемия 22 ммоль/л, рН-7,1, калий 3,3 ммоль/л. Аталған емнің қайсысын қолдануға болады?
<variant> 0,9 % NaCL ерітіндісі - 1000 мл бір сағат бойы, актропид 6-10 бірлік/сағ к/т тамшылап, КСІ - 2 г/сағ, 10% кислородпен дем алу
<variant> 5% глюкоза - 200 мл/сағ/к/т, актропид 4 бірлік/сағ тері астына 2 сағат сайын, калий хлор 3 г/сағ, дексаметазон 100 мг к/т, маннитол 15% - 200 мл к/т тамшылап, кислородпен дем алу
<variant> 40% глюкоза ерітіндісі есін жиғанша, глюкогон 1 мг/б/е, калий хлор 2 г/сағ., 10 % глюкоза - 300 мл/сағ к/т тамшылап
<variant> 5% глюкоза - 300 мл/сағ/к/т, актропид 4 бірлік/сағ б\е не в\і 2 сағат сайын, калий хлор 2 г/сағ, кислородпен дем алу
<variant> 0,9% NaCL- 300 мл бір сағат бойы, актропид НМ 6 бірлік/сағ+NHCO3 140 мл + KCL - 1,5 г к/т
<question> Жақында тұмаумен ауырған және кетоацидоздық комамен стационарға түскен науқасқа шұғыл шаралар жүргізілді.Бірақ, лабораториялық көрсеткіштерінің жақсаруына (гликемия 7,8 ммоль/л, түскен кезде 26,6 ммоль/л, рН 7,52, түскен кезде - 2,7 мэкв/л) қарамастан, науқас терең кома жағдайында. Команың себебін анықтаңыз.
<variant> мидың ісінуі
<variant> гипогликемиялық жағдай
<variant> кетоацидоз
<variant> қосымша нейроинфекция
<variant> лактоацидоз
<question> 69 жастағы әйелге 10 жыл бұрын тиреоидэктомия жасалған. Эутирокс 50 мкг/тәу.қабылдайды. Соңғы жылы жағдайы нашарлады. Жүрек тұсында жүрген кезде ауыру сезімі, ентігу пайда болды. Салмағын қосты. Шашының түсуі күшейді, терісі құрғақ, кешке қарай аяғында ісінулер бар. Объективті: бойы 171 см, салмағы 98 кг. Терісі құрғақ, салқын.Беті ісінген, балауыз тәрізді, ксантоматоз байқалады, ерні көгерген. Қол басында, жіліншігінде, табанында ісінулер. Ісінулер тығыз. Шаштары құрғақ, сынғыш.Алақандары сарғыш. Пульсі 56 мин, ырғақты. Жүрек тондары әлсіреген, әлсіз везикулярлы тыныс. Бауыры қабырға доғасынан 3 см төмен, сезімтал. АҚ 150/70 ммсын.бағ. Қандағы холестерин 8,3 ммоль/л (қалыпты 3,9-5,2).

FT4-9,0 нмоль\мл (10,5-22), ТТГ-8.0 ХБ\мл (0,2-2,9).ЭКГ: барлық тісшелерінің вольтажы төмендеген. Болжам диагноз қойыңыз.
<variant> гипотиреоз
<variant> аутоиммунды тиреоидит
<variant> Шиен синдромы
<variant> гипертиреоз
<variant> Шмидт синдромы
<question> 69 жастағы әйелге 10 жыл бұрын тиреоидэктомия жасалған. Эутирокс 50 мкг/тәу. қабылдайды. Соңғы жылы жағдайы нашарлады. Жүрек тұсында жүрген кезде ауыру сезімі, ентігу пайда болды. Салмағын қосты. Шашының түсуі күшейді, терісі құрғақ, кешке қарай аяғында ісінулер бар. Объективті: бойы 171 см, салмағы 98 кг. Терісі құрғақ, салқын. Беті ісінген, балауыз тәрізді, ксантоматоз байқалады, ерні көгерген. Қол басында, жіліншігінде, табанында ісінулер. Ісінулер тығыз. Шаштары құрғақ, сынғыш. Алақандары сарғыш. Пульсі 56 мин, ырғақты. Жүрек тондары әлсіреген, әлсіз везикулярлы тыныс. Бауыры қабырға доғасынан 3 см төмен, сезімтал. АҚ 150/70 мм сын. бағ. Қандағы холестерин 8,3 ммоль/л (қалыпты 3,9-5,2). FT4-9,0 нмоль\мл (10,5-22), ТТГ-8.0 ХБ\мл (0,2-2,9).ЭКГ: барлық тісшелерінің вольтажы төмендеген. Емін түзеңіз.
<variant> эутирокс дозасын әр айда 6,25 және/немесе 12,5 мкг арттыра отырып 100-150 мкг/тәу. дейін жеткізу
<variant> эутирокс дозасын 100 мкг/тәу. дейін бірден жоғарылату
<variant> эутирокс дозасын 150 мкг/тәу. дейін бірден жоғарылату
<variant> эутирокс дозасын әр аптада 6,25 және/немесе 12,5 мкг арттыра отырып 100-150 мкг/тәу. дейін жеткізу
<variant> йод дәрмектерін 400 мкг/тәу. тағайындау
<question> Егде жастағы қант диабетінің негізгі себептері болып табылады:
<variant> панкреас аралшаларының тұқымқуалаушы олқылығы
<variant> панкреас аралшаларының вирусты зақымдалуы
<variant> гипофиздің гормонды-белсенді ісіктері
<variant> бас миының қабыну аурулары
<variant> ұйқы безінің аурулары
<question> Гипогликемиялық комадан шығару шаралары ... басталады:
<variant> болюспен 40% глюкозаныв/і құю
<variant> 10% глюкозаныв/і тамшылату
<variant> болюспен изотонустық ерітіндіні в/і құю
<variant> 5% глюкозаны в/і тамшылату
<variant> 40% глюкозаны, 6-8 ЕД инсулинв/і тамшылату
<question> Қант диабетінің компенсациясын бағалаудағы нәтижелікөрсеткішті таңдаңыз:
<variant> гликозаланған гемоглобин көрсеткіштері
<variant> тәулік бойы гликемия деңгейі
<variant> тәулік бойы глюкозурия көрсеткіштері
<variant> ашқарынға гликемия деңгейі
<variant> постпрандиальдық гликемия деңгейі
<question> Қант диабетінің барлық клиникалық түрін емдеуде міндетті түрде қолданылады –
<variant> диетотерапия
<variant> өсімдікті гипогликозидтермен емдеу
<variant> физиотерпевтік ем
<variant> қант түсіретін таблеткілермен емдеу

<variant> инсулинмен емдеу
<question> Қант диабетімен науқастарда бүйрек зақымдалғанда қолданылатын қант түсіретін пероральды дәрмек:
<variant> глюренорм
<variant> бетаназ
<variant> мииндиаб
<variant> глинил
<variant> глинил
<question> Кетоацидоздың кетоацидоздық комаға жалғасуына үлес қоспайды:
<variant> емдәм калоражының төмендеуі
<variant> инсулин дозасын негізсіз төмендету
<variant> физикалық және психикалық жарақат
<variant> алкоголь қолдану
<variant> жедел интеркурентті аурулар
<question> Екіншілік гипотиреоздың дамуына әкелетін фактор:
<variant> тиреостатикалық ем
<variant> эутирокспен емдеу
<variant> гипопитуитаризм
<variant> тиреоидты гормондардың биосинтезінің тума бұзылыстары
<variant> диффузды-токсиндік зоб
<question> Егде жастағы адамдарда диффузды токсиндік жемсаудың клиникалық көріністеріне тән емес:
<variant> офтальмопатияның жиі болуы
<variant> қанайналым жүйесі бұзылыстарымен аз симптомды түрі
<variant> жемсаудың түйінді түрінің басым болуы
<variant> претибиалық микседеманың болуы
<variant> созылған қолдарының саусақтарының паркинсондық дірілі
<question> Гипотиреоздық команың еміне қатысы жоқ:
<variant> қосымша инфекциялық ауруларды емдеу
<variant> тиреоидты гормондардың адекватты дозасын енгізу
<variant> глюкокортикостероидтарды қолдану
<variant> гиповентиляциямен күрес
<variant> регидратация
<question> Мегалобластық қантүзілу егде кісілерде келесі фактормен байланысты болуы мүмкін:
<variant> В12 витамині жетіспеушілігімен
<variant> темір жетіспеушілігімен
<variant> ионизациялаушы радиациямен
<variant> созылмалы лимфолейкозбен
<variant> аплазиялық анемиямен
<question> Жедел лейкоз диагнозын қою үшін және түрін анықтау үшін келесі параклиникалық зерттеулер қажет емес:
<variant> трепанобиопсия
<variant> толық клиникалық анализ
<variant> стернальды пункция
<variant> цитохимиялық зерттеу
<variant> цитогенетикалық зерттеу


<question> Жедел лейкоздың келесі түрінің ем нәтижесі жақсы:
<variant> балалардағы жедел лимфобласты лейкоз
<variant> үлкен адамдардағы жедел лимфобласты емес лейкоз
<variant> үлкен адамдардағы жедел лимфобласты лейкоз
<variant> дифференцияланбаған лейкоз
<variant> миелодисплазиялық синдром
<question> Егде және қарт жастағы адамдар жиі ауырады:
<variant> В-12 жетіспеушілік анемиямен
<variant> аутоиммундық гемолиздік анемиямен
<variant> созылмалы постгеморрагиялық теміржетіспеушілікті анемиямен
<variant> аплазиялық анемиямен
<variant> "Ольга Иммерслунг" анемиясымен
<question> Анемия диагнозында келесі параклиникалық зерттеулер әдісі қажет емес:
<variant> ЭхоКГ
<variant> толық клиникалық қан анализі (гемоглобин, эритроцит, ретикулоцит, тромбоцит, лейкоцит, лейкоцитарлы формула, ЭТЖ)
<variant> стернум пункциясы
<variant> қан сару суындағы темір деңгейі
<variant> асқазан-ішек жолдарын аспаптық зерттеу
<question> Гематомалық типті қанағыштық тән:
<variant> гемофилияға
<variant> тромбоцитопенияға
<variant> тромбоцитопатияға
<variant> геморрагиялық васкулитке (Шенлейн-Генох ауруы)
<variant> Рандью-Ослер ауруына (телеангиоэктазия)
<question> Васкулярлы-пурпуралы қанау типі тән:
<variant> геморрагиялық васкулитке (Шенлейн-Генох ауруы)
<variant> гемофилияға
<variant> Виллебранд ауруына
<variant> аутоиммунды тромбоцитопенияға
<variant> гемофилияға
<question> Тура емес антикоагулянттардытағайындауға дейін және емдегенде гемостаздың ... көрсеткішін тексеру қажет:
<variant> протромбинді индекс
<variant> қан кету ұзақтығы
<variant> қан ұю уақыты
<variant> ұйыған қан ретракциясы
<variant> тромбоциттер саны
<question> Артериялық гипертензия қант диабетімен үйлескен егде жастағы науқастарға ұсынылады:
<variant> телмисартан
<variant> гидрохлотиазид
<variant> бисопролол
<variant> метопролол
<variant> амлодипин
<question> 65 жастағы науқас әйелдің анамнезінде АГ, ЖИА, аорталық-коронарлық шунттау, қантты диабет. Ем қабылдауда.. Анализдерінде: глюкоза 153.7 mg/dL, мочевина - 53,62 mg/dL,

креатинин 1,08 mg/dL, несеп қышқылы - 314,2 μmol/L, жалпы билирубині 0,4 mg/dL, тікелей билирубині - 0,06 mg/dL, ALT 19,82 U/L, AST 19,18 U/L, С-реак. белок 0,17 mg/dL, жалпы холестерині - 5,91 mmol/L, жоғары тығыздықтағы липопротеиндері - 1,07, төмен тығыздықтағы липопротеиндері - 4,28, үшглицеридьері - 2,85 mg/dL. Дәрігер
Аторвастатин тағайындады. Статиндерді қабылдағанда ұсынылатын бауыр қызметінің көрсеткіштерін көрсетіңіз:
<variant> норманың жоғарғы шегінің 3 есесінен аспау керек
<variant> норманың жоғарғы шегінің 4 есесінен аспау керек
<variant> норманың жоғарғы шегінің 5 есесінен аспау керек
<variant> норманың жоғарғы шегінің 6 есесінен аспау керек
<variant> норманың жоғарғы шегінің 7 есесінен аспау керек
<question> 67 жастағы әйел іштің ауыруына, салмағының төмендеуіне, оң жақ қабырға астындағы пальпацияланатын түзіліске және жалпы жағдайының түсініксіз нашарлауына шағымданды. Бауырдан іштің үйкеліс шуы естіледі. Диспансерлік есепте тұрады. Аталған көрсеткіштердің қайсысы гепатоцеллюлярлық карцинома скринингтік тест ретінде пайдалануға болады?
<variant> Альфа-фетопротеин (АФП)
<variant> Билирубин
<variant> D-димер
<variant> Креатинин
<variant> Гликозирленгенгемоглобин
<question> Ер кісі 66 жаста, үйде қарау кезінде сөйлеудің қиындауына, оң жақ аяқ қолдарындағы әлсіздікке шағымданады. Анамнезінде: таңертең ұйқысынан тұрғаннан кейін жағардағы шағымдар анықталып, жедел ауырған. Екі бұрын бұл симптомдар пайда болып,өздігінен жойылған. АҚҚ=110/70 мм.с.б., ЖСЖ=110 мин. Қарап тексергенде: есі анық, ориентациясы бұзылмаған, қарашық OD=OS, екі жақтанда көз алмасының қырларының жетпеуі (2 мм.). Тілі оңға ығысады, сіңірлік рефлекс D>S, оң жақта Бабинский рефлексі,оң жақ аяқ-қолда бұлшықет күші 3 балл, менингиаль белгілері жоқ. Науқасты емдеуде керек тактика.
<variant> нейрохирургия бөлімшеге жеткізу керек
<variant> науқасты үйіне тастап, отбасылық дәрігер бақылау керек
<variant> нейропротекция мақсатында, келесі күні нейро қантамырлық бөлімшеге жатқызу керек
<variant> нейропротекция мақсатында, бір аптадан кейін нейро қантамырлық бөлімшеге жатқызу кере
<variant> ота жасау үшін, нейрохирургия бөлімшесіне жатқызу керек
<question> 72 жасар еркек саябақта отырғышта табылған. Есін жоғалтпаған. Жедел жәрдем дәрігері қарап тексергенде оң қолындағы қозғалыстың бұзылысы мен сөйлеудің қиындауы – кенеттен басының айналғандығы болғанын түсінуге болатын бөлек сөздер айтқаны анықталды. Құспаған. Қабылдау бөліміне жеткізілді. Қарап тексергенде: есі сақталған, әлсіз, апатиялы. Сөйлеспейді. Қарап тексергенге наразылық кейпімен қарайды. Пульсі аритмиялы, 104 рет минутына, жүрек тондары тұйық, АҚҚ 150/100 мм сын.бағ. Ауызының оң бұрышы төмендеген. Оң қолы қозғалмайды. Оң табаны сыртқа қараған. Сіңірлік рефлекстер оң жағында сол жағына қарағанда жоғары. Оң жақта Бабинский рефлексі оң. Келесі диагностикалық кезеңде қандай зерттеу жүргізілуі тиіс?
<variant> магнитті-резонансты томография
<variant> Электроэнцефалография
<variant> жалпы қан анализі

<variant> қанның биохимиялық анализі
<variant> электрокардиография
<question> 67 жастағы ер адам. Сол жақтағы тізе буындарының ауыруы мен ісінуіне, басқа да ірі буындардағы ауыспалы сипаттағы ауыру сезіміне, бұлшықеттегі ауыруға, бас ауыруына, салмағының 5 кг-ға төмендеуіне, кешкі уақыттарда дене температурасының 37,5°-ға дейін көтерілуіне шағымданады. Кей кездерде дене температурасы бірнеше күн бойына 38,5°-ға дейін көтеріледі. Бұл симптомдардың барлығы 6 ай бұрынғы салқын тиюден кейін пайда болған. Анамнезінде – қолдан сатып алынған сүт өнімдерін көп пайдаланған. Объективті: алақан мен табанның гипергидрозы, тізе буындарының симметриялы емес ісіну, локалды температура, положительный симптом баллотирования наколенника. Қанның жалпы анализі: Эр – 3,2, Нб – 110 г/л, Л- 4,9 х109/л, Нф – 68%, Лф – 38%, СОЭ 29 мм/ч. РФ – 22 МЕ/мл, СРБ - +++. РХ – теріс; РА – теріс. Қандай зерттеу диагнозды нақты анықтауға көмектеседі?
<variant> Бруцеллездік антигендерге антиденеге ИФА
<variant> Антицитруллиндік антидене
<variant> Тізе буындарының рентгенографиясы
<variant> Қандағы зәр қышқылын зерттеу
<variant> Манту сынамасы және кеуде қуысы органдарының Р-суреті
<question> Ер кісі 64 жаста, денесінің оң жақ бүйір беткейінде түзілімнің пайда болуына шағымданады. Анамнезінде түзілімнің 4 ай бұрын байқаған. Дәрігер қарап тексергенде жұмсақ-эластикалық консистенциялы,қозғалмалы,өлшемі 2,5х3,0 см, тері асты шелінің деңгейінде анық шекарасмен түзілім анықтады.Осы жағдайда сіздің ары қарайғы тактикаңыз?
<variant> Хирургке жолдау: алып тастау және гистология үшін
<variant> Динамикада бақылауды ұсыну
<variant> Түзілімге пункция жасау
<variant> сорып алу терапиясын тағайындау
<variant> Қыздыратын компресс ұсыну
<question> Әйел 64 жаста. Ауыр емес жүктемеден кейінгі ентігуге, құрғақ жөтелге шағымданып келді. Ентігу аралас сипатта. 5 жылдан бері ӨСОА диагнозымен бақылауда тұрады. 30 жылдан бері күніне 1-1,5 қорап шылым шегеді. Науқас аз қақырықты жөтел ұстамасында қақырықта қан жағындысының болатынын байқаған. Ентігу бұрынғыға қарағанда өрши түскен және тыныс шағару қиындаған. КҚМ Р-граммасында былтырғы ренген-көріністен айырмашылық байқалған жоқ. Қанда - ЭТЖ 54 мм/сағ. Бірінші кезекте қандай зерттеу жүргізу қажет ?
<variant> Бронхоскопия биопсиямен
<variant> кеуде қуысының КТ
<variant> Спирографию
<variant> SYFRA онкомаркерін анықтау
<variant> GenExpert
<question> 65 жастағы әйел 1 ай бойы мазалайтын эпизодтық жөтел мен ентігуге шағымданады. Жөтел өнімсіз, баспалдақпен көтерілу кезінде және түнде күшейеді. 8 апта бұрын дене қызуы көтерілген, тамақтың ауруы және мұрынның бітелуі болған. 10 жыл бойы АГ. Күн сайын 16 жыл бойы жарты қорап темекі шегеді. PS 78/мин, ТЖ 18/мин, АҚҚ 145/95 мм.с.б. Пульсоксиметрия 96%. Дем шығару соңында аускультативті- құрғақ сырылдар. Спирометрия: FVC 65% және FEV 60%. Ең ықтимал тұжырымды дәлелдеуге маман кеңесңн ұсыныңыз.
<variant> Бронхтық астма, аллерголог
<variant> Ауруханадан тыс пневмония, пульмонолог
<variant> Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, кардиолог
<variant> α1-антитрипсин тапшылығы, терапевт

<variant> ГЭРА, гастроэнтеролог
<question> Ер адам 64 жаста, глаукоманы анықтауға скрининг жүргізу кезінде жанасусыз әдіспен көз ішілік қысымның келесі көрсеткіштері анықталды: оң көз - 25 мм сын.бағ, сол көз - 18 мм сын.бағ.Ары қарайғы тактикаңыз қандай?
<variant> офтальмологқа толық тексерілуге жолдау
<variant> 3 айдан кейін қайталап тексеруді ұсыну
<variant> терапевтке жолдау
<variant> глаукомды кабинетке жіберу
<variant> стационар жағдайында толық тексерілуге жолдау
<question> Ер кісі 72 жаста. Бірнеше күн бойы іш қату мазалайды. Соңғы 3 айда 5 кг арықтаған. Қанда - панцитопения және ЭТЖ 65 мм/сағ.Диагнозды нақтылау үшін қажетті зерттеу және маман кеңесі
<variant> прицельды биопсиямен колоноскопия, онколог
<variant> тік ішекті пальпаторлы тексеру, проктолог
<variant> Альфа-фетопротеин, онколог
<variant> құрсақ қуысы мүшелерінің КТ, онколог
<variant> Ирригосокпия, хирург
<question> Ер кісі 65 жаста, терапевтке кешкісін дене температурасының 38о дейін жоғарылауына, әлсіздікке, шаршағыштыққа, тәбетінің болмауына, қан жағындысы бар, шырышты қақырықты жөтелге, оң жақ кеуде торының ауруына, соңғы 3 айда 2 кг арықтағанына шағымданып келді. Туберкулезбен контактыны жоққа шығарады. Оң жақ өкпеде аздаған ұсақ көпіршікті ылғалды сырылдар естіледі. Қан анализінде: эр – 3,28х 1012, Hb – 138, э – 2, с/я – 69, м – 11, лимф – 18, лейк. – 10,2 х 109, ЭТЖ – 38 мм/сағ. Диагностика алгоритмі бойынша кең спектрлі антибиотиктермен ем қабылдады. Алған емнен нәтиже болған жоқ, интоксикациялық синдром жойылған жоқ. Бақылау рентгенограммасында өкпедегі инфильтрат қатаюмен теріс динамика беруде. Науқасты жүргізуде қандай тактика БАРЫНША тиімді?
<variant> ТМБ қақырық анализі және фтизиатр консультациясы
<variant> дәріге сезімталдылықты анықтауға екіншілік флораға қақырық анализі
<variant> атипиялық тінге қақырық анализі және онкологтың консультациясы
<variant> атипиялық микобактерияға қақырық анализі
<variant> кандидаға қақырық анализі
<question> 63 жастағы әйел ентігуге, дене қызуының 38.0º дейін жоғарылауына, әлсіздікке, тершеңдікке шағымданып түсті. 2 күн бұрын ЖРВИ фонында ауырған. Объективті: терісі ылғалды,бозғылт, тырнақтары барабан таяқшасы тәрізді.АҚҚ 130/90 мм сын. бағ., ЖЖС – 115 мин, ТЖ – 18 мин. Әлсіз тыныс фонында сол жақтың төменгі бөлігінде ылғалды майды көпіршікті сырылдар естіледі. Пульсоксиметрия – 88%. Рентгенограммада: қабырғалары горизонталь орналасқан, қабырға аралықтары кеңіген, өкпе түбірі кеңейген, фиброзды және қантамырлық компоненттердің есебінен өкпе суреті күшейген, сол өкпенің төменгі бөлігінде инфильтратты қосылған көлеңкелер бар. Қандай тактика БАРЫНША тиімді?
<variant> реаниматолог кеңесі, РИТБ (ОРИТ) жедел госпитализациялау
<variant> ципрофлоксацинмен амбулаторлы емдеу
<variant> левофлоксацинмен стационар жағдайында үйде емдеу
<variant> күндізгі стационар жағдайында цефтриаксонмен емдеу
<variant> терапевтік бөлімге жоспарлы түрде госпитализациялау, ровамицин
<question> 67 жастағы ер адам 2 ай бойы жүрген кездегі ентігуге шағымданып дәрігерге жүгінді. Анамнезінде гиперхолестеринемия, симвастатинді қабылдайды. 35 жыл бойы үйлерді бұзу

жөніндегі компанияда жұмыс істеді. 33 жыл күніне 1 қорап темекі шегеді. Аускультацияда екі өкпеде де ұсақ сырылдар естіледі. Рентгенде-төменгі бөліктегі диффузды инфильтраттар және кальцийленген плевралық бляшкалар. Науқаста қандай жағдайдың дамуы орыналуы мүмкін?
<variant> Бронхогенді карцинома
<variant> Қалқанша безінің карциномасы
<variant> Туберкулез
<variant> Саркоидоз
<variant> Мезотелиома
<question> 68 жастағы ер адам дәрігерге сол аяғындағы ауырсынатын бөртпеге байланысты барған. Соңғы 2 жылда ол мезгіл-мезгіл суықта саусақтарының түсі ақтан көкке және қызылға өзгеретін, кейін жоғалып кететін эпизодтар пайда болған. 20 жыл бойы күніне 2 қорап темекі шегеді. АҚҚ - 115/78 мм с.б.б. Қарап тексергенде, сол аяқтың бүйір бетінде бірнеше қара күлгін түйіндер қоршаған эритема бар. Оң саусақтың ұшында құрғақ жаралар бар. Болжам диагнозы, бейінді маман кеңесі:
<variant> Облитерациялаушы тромбоангиит, ангиохирург
<variant> Дислипидемия, кардиолог
<variant> Артериит Такаясу, ревматолог
<variant> Полиневропатия, невролог
<variant> Терең веналардың тромбозы, ангиохирург
<question> Қабылдауға 72 жастағы науқасты туысы ертіп келген. Оның айтуы бойынша науқастың есте сақтауы нашарлап барады, әсіресе жаңа хабарды сақтауда. Науқастың күнделікті өмір сүруіне есте сақтауының бұзылуы айтарлықтай кедергі жасайды. Жақсы білетін немесе айқын танитын зат қана сақталады. Жаңа хабарлар кездейсоқ немесе аз уақытқа ғана есінде сақталады. Науқас негізгі мәлметтерді есіне түсіре алмау жағдайында, яғни қайда тұратынын,қазір ғана не істегенін немесе туысының атының кім екенін. Объективті жағдайы қанағаттанарлық. АҚҚ 150\100 ммсын .бағ. пульс 80 рет мин. Жүрек тондары тұйықталған, ритмі дұрыс.Аяқтары ісіңкі. Сіздің болжам диагнозыңыз, маман кеңесі?
<variant> Альцгеймер ауруы, невролог
<variant> Паркинсон ауруы, невролог
<variant> Гипертониялық энцефалопатия, невролог
<variant> Қарттық деменция, психиатр
<variant> Мидың ісігі, онколог
<question> Науқас 74 жаста,пневманияға байланысты антибактериальды терапия алды. Динамикада жағдайы жақсармады, әлсіздік, кеудедегі ауру сезімі өрістеп, арықтап кетті. Контрольдік компьютерлі томографияда - анық емес шекарасымен, айқын тығыздықта,ошақ көлемі бүрнеше мөлшерге ұлғайған. Қақырықты зерттеуде қандай қорытынды БАРЫНША анықталуы мүмкін?



<variant> Атипті клеткалар
<variant> Грам-теріс қышқылға төзімді бациллалар
<variant> Нейтрофильді цитоз

<variant> Саңырукұлақты мицеллия
<variant> гантелтәріздес денешіктер
<question> Дұрыс қорытынды жасаңыз. Стенокардияға патогномды болып табылады:
<variant> физикалық күштемеге төс артының ауыруы және ST сегментінің 2 мм және одан аса депрессиясы
<variant> ST сегментінің 1 мм-ге және одан аз супрессиясы
<variant> физикалық күштемеге төс артының ауыруы, физикалық күштемеге ЭКГ өзгеріссіз болуы
<variant> физикалық күштемеге экстрасистолияның дамуы
<variant> III стандартты және aVF тіркемелерінде Q тісшесінің ұлғаюы
<question> Өкпе артериясы тромбоэмболиясының негізгі электрокардиографиялық белгілеріне жататындарын белгілеңіз:
<variant> SI-QIII синдромы және ST сегментінің III,V1,V2 тіркемелерінде жоғары ығысуы
<variant> V4-V6 тіркемелерінде терең Q сермесі
<variant> I, II және aVL тіркемелерінде ST сегментінің депрессиясы
<variant> II, III және aVF тіркемелерінде ST сегментінің депрессиясы
<variant> кеуделік әкетулерде Т тісшесінің инверсиясы
<question> Миокардтың трансмураль инфарктінің ерте ЭКГ белгісін таңдаңыз:
<variant> QS кешенінің пайда болуы
<variant> QRS комплексінің өзгерісі
<variant> Т сермесінің инверсиясы
<variant> жүрек ырғағының бұзылысы
<variant> ST сегментінің 1 мм-ден аса жоғарылауы
<question> Ер кісі 65 жаста, 2 апта бұрын пайда болған, физикалық жүктемеде дамитын,1-2 мин созылатын және спонтанды жойылатын төс артындағы ауыру сезіміне шағымданып аймақтық дәрігерге келді. Күніне бір қорап шылым тартады. Об-ті: ДСИ (ИМТ) 32, АҚ 135/65 мм сын. бағ. ЖЖС 75 мин, жүрек тондары анық, ретті. Диагноздың бірінші кезеңінде келесі зерттеуді жүргізу және кеңеске жіберу керек:
<variant> Коронароангиография, кардиолог
<variant> Кеуде торының Р-графиясы, пульмонолог
<variant> Эхокардиография, кардиолог
<variant> Холтер-Электрокардиография, аритмолог
<variant> Үйқы артериясының допплер-сонографиясы
<question> 68 жастағы науқас әлсіздік, тершеңдік, дене салмағын 2 жылда 10 кг жоғалтқанына шағымданып келді. Бауыры мен көкбауыры ұлғайған, лимфа түйіндерінің барлығы ұлғайған. Қан анализінде: Нв 85 г/л, эр.3,0 х 10^{12}/л, лейк. 135,0 х 10^{9}/л, т/я 3%, лимф. 96 %, мон. 1%, ЭТЖ 28 мм/сағ. Жалпы билирубин 45 мкмоль/л, тікелей 11мкмоль/л. Сары су темірі 28 ммоль/л, Кумбс сынамасы оң.
Осы берілген мәліметтердің ішінен диагнозды болжауға мүмкіндік беретін анализді таңдаңыз:
<variant> перифериялық қан анализі
<variant> стернум пункциясы
<variant> трепанобиопсия
<variant> лимфалық түйіндер биопсиясы
<variant> талақ пункциясы
<question> 68 жастағы науқас әлсіздік, тершеңдік, дене салмағын 2 жылда 10 кг жоғалтқанына шағымданып келді. Бауыры мен көкбауыры ұлғайған, лима түйіндерінің барлығы ұлғайған. Қан анализінде: Нв 85 г/л, эр.3,0 х 10^{12}/л, лейк. 135,0 х 10^{9}/л, т/я 3%, лимф. 96 %, мон. 1%, ЭТЖ 28

мм/сағ. Жалпы билирубин 45 мкмоль/л, тікелей 11мкмоль/л. Сары су темірі 28 ммоль/л, Кумбс сынамасы оң.
Анемия себебін және кеңеске жіберетін бейінді маманды анықтаңыз:
<variant> аутоиммунды гемолиз, гематолог
<variant> бласты криз, гематолог
<variant> асқазан-ішектік қан кету, хирург
<variant> жіті гепатит, гепатолог
<variant> агранулоцитоз, гематолог
<question> 68 жастағы науқас әлсіздік, тершеңдік, дене салмағын 2 жылда 10 кг жоғалтқанына шағымданып келді. Бауыры мен көкбауыры ұлғайған, лимфа түйіндерінің барлығы ұлғайған. Қан анализінде: Нв 85 г/л, эр.3,0 х 10^{12}/л, лейк. 135,0 х 10^{9}/л, т/я 3%, лимф. 96 %, мон. 1%, ЭТЖ 28 мм/сағ. Жалпы билирубин 45 мкмоль/л, тікелей 11мкмоль/л. Сары су темірі 28 ммоль/л, Кумбс сынамасы оң.
Болжам диагнозын, кеңеске жіберетін маманды анықтаңыз:
<variant> созылмалы лимфолейкоз, гематолог
<variant> жедел лейкоз, гематолог
<variant> миелофиброз, гематолог
<variant> созылмалы миелолейкоз, гематолог
<variant> лимфосаркома, онкогематолог
<question> 65 жастағы ер кісі клиникаға иық сүйегінің сынуымен түсті. ЭТЖ 63 мм/сағ. Гиперпротеинемия М-градиентпен, миелограммада – плазмалық инфильтрация 38%. Болжам диагнозы, маманға кеңеске жіберіңіз:
<variant> миелома ауруы, онкогематолог
<variant> жедел лейкоз, гематолог
<variant> созылмалы гепатит, гепатолог
<variant> миелофиброз, онкогематолог
<variant> созылмалы миелолейкоз, гематолог
<question> Дұрыс тұжырымды және кеңеске маманды таңдаңыз, қан анализінің мына өзгерістері: эр. 1,8 х 10_{12}/л , Нв 36 г/л, ЦП 0,9; лейк. 1,6х10^{9}/л, тромб. 5,0х10^{9} /л ... тән:
<variant> аплазиялық анемияға, гематолог
<variant> темiртапшылықты анемияға, терапевт
<variant> B_{12}- дефицитті анемияға, терапевт
<variant> гемолиздік анемияға, гематолог
<variant> сидероахрезиялық анемияға, терапевт
<question> Плеторалық синдромға тән дұрыс тұжырымдарды және кеңеске маман таңдаңыз,:
<variant> эритромелалгия, "қоян көз" симптомы, АҚ жоғарылауы; гематолог
<variant> лейкопения, тромбоцитопения; гематолог
<variant> эритромелалгия, тромбоцитопения, терапевт
<variant> "қоян көз" симптомы, АҚ жоғарылауы, офтальмолог
<variant> нефропатия, нефролог
<question> Аплазиялық анемияның диагноздық критерийлерін белгілеңіз:
a) панцитоз
b) панцитопения
c) сүйек миының кебуі
d) қан түзілуінің мегалобласты типі
e)геморрагиялық синдром
<variant> b, c, e

<variant> a, d
<variant> b, d, e
<variant> a, b, e
<variant> a,c, e
<question> Дұрыс тактиканы таңдаңыз. 62 жастағы зейнеткер, ер кісі, емханаға келесі шағымдармен келді: әл-дәрменінің, тәбетінің құруы, жүрегінің айнуы, тамақтан жиіркену, дене салмағын жоғалту. Бір жылдың ішінде 15 кг салмақ жоғалтқан. Об-ті: науқас өте жүдеу, тері жамылғылары құқыл. Бойы 172 см, дене салмағы 53 кг. Сол бұғана үстінде 2 см дейін үлкейген лимфалық түйін пальпацияланды. Пальпацияда ішінің эпигастрий аймағы ауырады, бұлшық еттің шамалы керілуі анықталды. Нв 100г/л, эр. $3,6x10^{12}$/л, ТК 0,84, лейк. $8,0x10^{9}$/л. ЭТЖ 42 мм/сағ.
<variant> онколог кеңесі
<variant> хирург кеңесі
<variant> гастроэнтеролог кеңесі
<variant> гематолог кеңесі
<variant> терапевте емделу
<question> Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. 67 жастағы ер кісінің шағымдары: оң және сол қабырға астының ауыруы, дене қызуының субфебриль сандарға жоғарылауы, мұрнының жиі қанауы, 3-4 айда 9 кг салмақ тастауы. Өзін 2 жыл көлемінде дертті санайды: тері түсі қоңырая бастаған. Об-ті: тері жамылғысы қола түсті, склерасы сары, алақан сызықтарында күңгірт пигментация, төсінде, арқасында, иықтарында “тамырлық жұлдызшалар”. Іші бос сұйықтық есебінен ұлғайған, бауыры талағы үлкейген.
<variant> гемохроматоз, гастроэнтеролог
<variant> Вильсона Коноваловтың ауруы, гастроэнтеролог
<variant> бауырдың біріншілік билиарлы циррозы, гастроэнтеролог
<variant> Бадд-Киаридің ауруы, хирург
<variant> бауыр амилоидозы, гастроэнтеролог
<question> Диагнозына қатысты дұрыс тұжырымды және кеңеске маман таңдаңыз: 64 жастағы, жаралық анамнезі қысқа және жарасы ұзақ уақыт тыртықталмай жүрген ер кісі, келесі шағымдармен қаралды: әлсіздік, жүрек айнуы, тәбетінің жоғалуы, эпигастрий аймағының тұрақты ауыруы, салмақ жоғалту.
<variant> рактің біріншілік-жаралық формасы, онколог
<variant> асқазан шығу жолының стенозы, хирург
<variant> жараның пенетрациясы, хирург
<variant> жараның перфорациясы, хирург
<variant> жарадан қан кету, хирург
<question> Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Пациент диареяға, ішінің бар аймағының ұстамалы ауыруына, бірден ыстықтау сезіміне, бетінің гиперемиясына, тұншығу ұстамалары мен жүрек қағуына шағымданды.
<variant> карциноиды синдром, эндокринолог (онколог)
<variant> Уипплдың ауруы, гастроэнтеролог
<variant> лимфосаркома, онколог
<variant> лимфогранулематоз, онколог
<variant> бейспецификалық жаралы колит, гастроэнтеролог
<question> Болжам диагнозын, кеңеске маман таңдаңыз. 74 жастағы әйелді ішінің төменгі жағының толғақ тәріздес ұстамалы ауырсынуы мазалайды, ауырсынуы сегізкөзіне тарайды, іші кебеді, газдың бөлінбеуі, соңғы 4 тәулікте үлкен дәреттің болмауы көңілін алаңдатады. Науқас

соңғы көптеген жылдар барысында іш қатуынан зардап шегеді. Об-ті: іші кебіңкі, пальпацияда шамалы ауырады. Перкуссияда жоғары тимпанит, “судың шолпыл” симптомы естілді. Тік ішек арқылы тексергенде: тік ішектің ампуласы бос, сфинктер босаңсыған. Сифонды клизма қоюға талпыныс жасағанда – сұйықтық көлемі 350 мл жеткенде, кері құйылды.
<variant> сигма ішегінің обтурациялаушы ісігі, ішек өтімсіздігі; онколог
<variant> рефлекторлы обстирпация, гастроэнтеролог
<variant> ішек парезі, хирург, невролог
<variant> ішек инвагинациясы, хирург
<variant> медикаменттік обстирпация, терапевт
<question> Диагнозын болжаңыз, маманға жіберіңіз. 68 жастағы әйел кісінің шағымдары: оң иық буынының ауырсынуы, құрғақ жөтел, әлсіздік. Иығының ауыруы алғаш 3 ай бұрын физикалық күштememен байланысты мазалай бастаған, өздігінен ауырсынуды басуға тырысқан, бірақ ол күшейе түсіп, жөтел, әлсіздік қосылған. Об-ті: жалпы жағдайы қанағаттанарлық, оң иық буынының қимыл көлемі күрт шектелген, пальпацияда ауырсынуы айқын, Горнер симптомы оң (птоз, миоз, энофтальм). Аускультациялық зерттеуде оң өкпесінің жоғарғы бөлігінде везикулалық тыныс әлсіреген.
Рентгендік көрінісінде:




<variant> өкпенің жоғарғы сайының ісігі (Панкост рагі); онколог
<variant> плевра ісігі; онколог
<variant> туберкулема; фтизиатр-хирург
<variant> жоғары бөліктік сөмкеленген плеврит; торакаль хирургі
<variant> өкпе абсцесі; торакаль хирургі
<question> Диагнозын болжаңыз, маманға жіберіңіз. 64 жастағы әйелде жөтел, көп көлемді қақырықпен, ентігу, кеуде сарайының ауыруы, әлсіздік бар. Дертті болғанына 6 ай. Рентгендік тексеруде: екі жақты төменгі бөліктерінде және оң орта бөлігінде әркелкі тығыздықтағы, пішіндері әртүрлі, контурлары анық емес, бөлікаралық саңылаудан жоғарғы бөліктеріне таралатын көлеңкелер анықталды.
<variant> бронхиолалық-альвеолалық рак; онколог
<variant> екі жақты пневмония; пульмонолог
<variant> өкпе шемені; кардиолог
<variant> өкпенің инфильтрациялық туберкулезі; фтизиатр
<variant> идиопатиялық фиброздаушы альвеолит; пульмрнолог
<question> Диагнозын болжаңыз, маманға жіберіңіз. 67 жастағы ер кісіні жөтел, кезеңдерімен қан қақыру, салмақ жоғалту мазалайды. 1,5 ай дертті, 5 кг салмақ тастаған. Об-ті: сол жоғары бөлігінде везикулалық тыныс әлсіреген. Рентгендік тексеруде: сол өкпесінің жоғарғы бөлігі кішірейген, әркелкі тығыздалған, суреті қоюланған. Жоғарғы бөліктік бронх сүйірлене тарылған, қабырғалары біркелкі емес. Бөлікаралық плевра жоғарыға ығысқан. Түбір аймағы мен аорта доғасының астында ұлғайған л/түйіндер.

<variant> орталық рак, онколог
<variant> жедел пневмония, терапевт, пульмонолог
<variant> инфильтрациялық туберкулез, фтизиатр
<variant> өкпе артериясының тромбоэмболиясы, кардиолог
<variant> өкпе абсцесі, хирург
<question> Диагнозын болжаңыз, иаианға жіберіңіз: 63 жастағы ер кісінің жөтелге, әлсіздікке, шаршағыштық пен кеудесінің ауырсынуы, ентігуге шағымдары бар. 2 ай дертті. Об-ті: өкпесінде тынысы везикулалық, сырылдар жоқ, ТЖ 26 мин. АҚ 125/80 мм сын. бағ. ЖЖС 92 мин. Жалпы шолу рентгенограммасында орталық көлеңкенің бір жақты кеңеюі. Томограммада паратрахеалық, трахея-бронхтық лимфалық түйіндер топтамасының ретсіз ұйысуы (бір конгломератқа) бар. Сыртқы контурлары адыр-бұдыр. Іргелес өкпе тінінің қоюлануы, пішінінің өзгеруі анықталды. Бронхоскопияда кеңірдектің оң қабырғасы мен оң басты бронх қабырғалары ебедейсіз, кілегей қабаттары қызарған, қанағыш.
<variant> өкпе рагінің медиастинумдік түрі, онколог
<variant> кеудеішілік лимфа түйіндерінің туберкулезі, фтизиатр
<variant> лимфогранулематоз, окнколог
<variant> саркоидоз, терапевт
<variant> тимома, онколог
<question> Шешім қабылдаңыз: 66 жастағы ер кісіні іріңді қақырық бөлінетін жөтел, дене қызуының 39,5^{0}С жоғарылауы, кеуде сарайының ауыруы, ентігу әлсіздік мазалайды. Жіті ауырған, қалтырау,кеудесінің ауыруы, құрғақ жөтелден басталған, емделмеген, 1 аптадан соң аузын толтырып іріңді қақырықпен жөтелге ауысқан, соңғы тәулікте қан араласа бастаған.
<variant> өкпе абсцесі, торакальді хирургия бөліміне шұғыл госпитализация
<variant> каверналық туберкулез, тубдиспансердің торакальді хирургия бөліміне шұғыл госпитализация
<variant> перифериялық рактің қуыстық түрі, порталмен онкологияға жолдау
<variant> өкпе эхинококкозі,торакальді хирургия бөліміне шұғыл госпитализация
<variant> өкпе абсцесі, пульмонология бөліміне шұғыл госпитализация
<question> Жетекші синдромын, болжам диагнозын анықтаңыз; маманға жіберіңіз: дені сау 73 жастағы ер адамда қатты жөтелден кейін ентігу ұстамасы мен кеудесінің сол жағында күшті ауырсыну пайда болған. Тексергенде: кеуде сарайының сол бөлігінде тимпанит, везикулалық тыныстың күрт әлсіреуі.
<variant> торакалгия, плевра қуысына ауа жиналу, спонтанды пневмоторакс; хирург
<variant> вертеброгенді торакалгия, кеуде омыртқааралық остеохондроз; невролог
<variant> коронарогенді кардиалгия (ангинозды статус), миокард инфаркті; кардиолог
<variant> торакалгия, құрғақ плеврит; пульмонолог
<variant> коронарогенді емес кардиалгия, өкпе артериясының тромбоэмболиясы; кардиолог
<question> 65 жастағы ер кісі үдемелі ентігуге шағымданды. Зерттеулерден: ЭТЖ 65 мм сын. бағ. Рентгендік зерттеуде плевра қуысына сұйықтық жиналу анықталды. Пункциямен 500 мл сұйықтық алынды. 2 күннен соң сұйықтық қайта жиналды. Диагнозын нақтайтын зерттеуді таңдаңыз, маманға жіберіңіз.
<variant> экссудатты цитологиялық зерттеу; онколог
<variant> трансбронхтық пункция; хирург
<variant> онкомаркерлерге тексеру; онколог
<variant> кеуде сарайы органдарының магниттік-резонанстық томографиясы, онколог
<variant> кеуде сарайы органдарының компьютерлік томография, невролог

<question> Дұрыс тұжырымды, кеңеске маманды таңдаңыз. Құрғақ жөтелде ұзақ уақыт қан қақыру ... тән.
<variant> бронхогенді ісіккеғ онколог
<variant> өкпе туберкулезінеғ фтизиатр
<variant> пневмокониозға, профпатолог
<variant> созылмалы бронхитке, пульмонолог
<variant> бронхоэктаздық ауруға, пульмонолог
<question> Жетекші синдромын, болжам диагнозын анықтаңыз, маманға жіберіңіз: 66 жастағы ер кісінің рентгендік зерттеуінде: кеуде аралығының ұзына бойы оңға қарай үлкейгені, контурларының анық еместігі анықталды. КТ плевраның медиастинумдық, алдыңғы костальді және диафрагмалық беттерінде өзара тұтасқан түрлі өлшемді түйіндер анықталды. Висцераль плевраның негізгі бөлікаралық саңылау бойымен біркелкі емес қалыңдауы анықталды. Плевра қуысында латеропозицияда 3,5-4,0 см текшеленіп жайылған бос сұйықтық бар. Кеуде аралығы ығыспаған. Барлық ірі бронхтардың қуыстары өзгермеген. Өкпеде ошақты және инфильтрациялық өзгерістер жоқ. Плевра қуысынан, сорып тастағаннан соң қайта жинала беретін, геморрагиялық экссудат бірнеше рет алынды.
<variant> плевраның зақымдану синдромы (сұйықтықтың рецидивтеуші жиналуы), плевраның мезотелиомасы; онколог
<variant> плевраның зақымдану синдромы (сұйықтықтың рецидивтеуші жиналуы), плевраның метастаздық зақымдануы; онколог
<variant> плевраның зақымдану синдромы, өкпе рагінің медиастинумдік түрі; онколог
<variant> плевраның зақымдану синдромы, лимфома; онколог
<variant> плевраның зақымдану синдромы, өкпе туберкулезі; фтизиатр
<question> 68 жастағы, ішімдікті көп қолданатынер кісі пневмонияға байланысты амбулаторлық жағдайда антибиотиктер қабылдаған, бірақ науқастың жағдайы жақсармаған, керісінше, дене қызуы 39^0С дейін жоғарылаған. ҚЖА: айқын нейтрофильдік лейкоцитоз, солға ығысумен, ЭТЖ 40 мм/сағ. Рентгенограммада: сұйықтықтың анықгоризонталь деңгейі бар инфильтрат. Жетекші синдромдары, болжам диагнозы; маманға жіберіңіз:
<variant> өкпеде қуыс түзілу, өкпенің тығыздалу, қызба, интоксикация, бейспецификалық қабыну, өкпе абсцесі; торакаль хирург
<variant> өкпеде қуыс түзілу, өкпенің тығыздалу синдромы, қызба, плеврaға сұйықтық жиналу, плевропневмония; пульмонолог
<variant> өкпеде қуыс түзілу, өкпе ауалылығының арту, қызба, интоксикация, туберкулез; фтизиатр
<variant> өкпеде қуыс түзілу, өкпе ауалылығының кему, қызба, плевраның зақымдану, плеврит; хирург
<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу, өкпе ауалылығының кему, өкпенің тығыздалу, пневмосклероз; пульмонолог
<question> 69 жастағы ер кісінің жүрек ұшында дене қалыбымен байланысты өзгеретін, тұрақсыз диастолалық шу анықталды. Соңғы жыл көлемінде естен танулар басталған. Дене қызуы жиі көтеріледі. Бұл жағдайды болжаңыз, маманға жіберіңіз:
<variant> сол жүрекшенің миксомасы; онколог
<variant> емізікше бұлшық еттің үзілуі; кардиохирург
<variant> митральді қақпақтардың шамасыздығы; ревматолог
<variant> митральді стеноз; ревматолог
<variant> жүректің тума ақауларын (Лютембаше синдромын); кардиохирург

<question> Дұрыс тұжырымды, кеңеске маманды таңдаңыз. 76 жастағы ер кісіні жөтел, кезеңдерімен қан қақыру, салмақ жоғалту, дене қызуы мазалайды. 1,5 ай дертті, 5 кг салмақ тастаған. Об-ті: сол жоғары бөлігінде везикулалық тыныс әлсіреген. Рентгендік тексеруде: сол өкпесінің жоғарғы бөлігі кішірейген, әркелкі тығыздалған, суреті қоюланған. Жоғарғы бөліктік бронх сүйірлене тарылған, қабырғалары біркелкі емес. Бөлікаралық плевра жоғарыға ығысқан. Түбір аймағы мен аорта доғасының астында ұлғайған л/түйіндер.
<variant> орталық рак; онколог
<variant> жедел пневмония; пульмонолог
<variant> инфильтрациялық туберкулез; фтизиатр
<variant> өкпе артериясының тромбоэмболиясы; кардиолог
<variant> өкпе абсцесі; пульмонолог
<question> 65 жастағы ер кісіні соңғы 8 айда құрғақ жөтел, кеудесінің оң жартысының ауыруы мазалайды. 5 кг салмақ жоғалтқан. Соңғы 3 аптада әлсіздік күшейген, жәй күйде ентігу дамыған, дене қызуы 38^0С жоғарылаған. Об-ті: кеудесінің оң жартысының үстінде перкуссиялық дыбыс тұйық, тынысы тек өкпе ұшында естілді, сол жағында везикулалық тыныс. Рентгендік зерттеуде: оң плевра қуысында сұйықтық анықталды, ол III қабырға деңгейіне дейін. Диагнозын нақтайтын зерттеуді белгілеңіз, маманға жібңрңгңз:
<variant> плевралық пункция, сұйықтықтың лабораторлық зерттелуімен; пульмонолог
<variant> бронхоскопия; фтизиатр
<variant> қақрықтың атиптік клеткаларға анализі; онколог
<variant> кеуде сарайы органдарының компьютерлік томографиясы; хирург
<variant> торакоскопия; хирург
<question> 76 жастағы ер кісіде субарахналық (Ара́хнанемесеАрахнея /грек сөзінен) қан құйылуы бар геморрагиялық инсульт дамыған. ЭКГ қарап, дұрыс тұжырымды таңдаңыз:



<variant> кең, өте терең Т тісшесі ОНЖ зақымданғанда, әсіресе, субарахналық қан құйылуларда тіркеледі
<variant> жіңішке, терең Т тісшесі ЖИА тіркеледі
<variant> жіңішке, терең Т тісшесі сол және оң қарынша гипертрофияларында тіркеледі
<variant> алып теріс Т тісшелері V3-V4 (> 10 мм) апекстік ГКМП тіркеледі
(Ямагучи кардиомиопатисы)
<variant> кең, терең Т тісшесі – қалыпты бір түрі
<question> Травматология бөлімшесінде сан сынығымен жатқан 70 жастағы науқаста отырайын деген кезде кенеттен кеуде артында өткір, қысып ауыру сезімі пайда болды тұншығу, дем алу жиілігі 40 рет минутына, терісі бозғылт, бұл жағдай денесінің жоғарғы бөліктерінің үдемелі түрде көгерулерімен ауысты, салқын жабысқақ тер басты. АҚҚ 40/20 мм.с.б., пульсі 120 рет минутына, тондары естілмейді. Тыныс алу, асқорыту жүйелері жағынан өзгерістер жоқ. Сіздің алғашқы диагнозыңыз.
<variant> өкпе артериясының тромбоэмболиясы
<variant> ЖИА. Миокард инфарктысы
<variant> аортаның сылынушы аневризмасы
<variant> кардиогенді шок

<variant> ЖИА. Үдемелі стенокардия
<question> 65 жастағы науқас күш түскенде ентігуге, артралгияға, қызбаға және аяқтарындағы түйінді эритемаға шағымданды. Объективті: гепато-спленомегалия, жайылған лимфоаденопатия, көздің қасаң қабығының бұлыңғырлауы. Кеуде клеткасының рентгенографиясында өкпе түбірінің екі жақты аденопатиясы. Сіздің диагнозыңыз.
<variant> саркоидоз
<variant> туберкулез
<variant> жедел ревматизм
<variant> ревматоидтық артрит
<variant> Хамен-Рич ауруы
<question> 65 жастағы науқас күш түскенде ентігуге, артралгияға, қызбаға және аяқтарындағы түйінді эритемаға шағымданды. Объективті: гепато-спленомегалия, жайылған лимфоаденопатия, көздің қасаң қабығының бұлыңғырлауы. Кеуде клеткасының рентгенографиясында өкпе түбірінің екі жақты аденопатиясы.Науқастағы көздің зақымдалуы ...көрінісі:
<variant> увеит
<variant> қант диабетінің асқынуы
<variant> гиперкальциемия
<variant> тума ақау
<variant> инфекциялық инфильтрациялар
<question> 65 жастағы науқас күш түскенде ентігуге, артралгияға, қызбаға және аяқтарындағы түйінді эритемаға шағымданды. Объективті: гепато-спленомегалия, жайылған лимфоаденопатия, көздің қасаң қабығының бұлыңғырлауы. Кеуде клеткасының рентгенографиясында өкпе түбірінің екі жақты аденопатиясы.Оптимальды еміне жатады:
<variant> стероидтар
<variant> аспирин
<variant> изониазид және стрептомицин
<variant> антивирусты дәрмектер
<variant> антибиотиктер
<question> 70 жастағы науқаста рентгендік тексеруде өкпенің диффузды инфильтрациясы; күшті және тез үдемелі ентігу. Биопсияда карциноматоз бар екендігі анықталды.Сіздің диагнозыңыз, маманға жолдаңыз
<variant> артқы назофарингстік карцинома; онколог
<variant> бронхогенді карцинома; онколог
<variant> асқазан карциномасы; онколог
<variant> базальклеткалы карцинома; онколог
<variant> өңеш карциномасы; онколог
<question> 70 жастағы науқаста рентгенологияда өкпенің диффузды инфильтрациясы фонында күшті және тез үдемелі ентігу. Биопсияда карциноматоз бар екендігі анықталды.Өкпенің аденоматозының белгілері болып табылады:
<variant> көптеген ошақтардан дамиды
<variant> Ничего из перечисленного
<variant> аурудың барлық ағымында гистологиялық зерттеудің теріс болуы
<variant> көптеген метастаздардың болуы
<variant> аталғандардың барлығы

<question> 75 жастағы науқас 3 ай бойы экссудатты плевриттен емделуде, клиникалық нәтиже болмады, плевра қуысына сұйықтық жиналу рецидиві үзілмеді. Сіздің диагнозыңыз, маманға жіберіңіз.
<variant> мезотелиома, онколог
<variant> өкпе қатерлі ісігі, онколог
<variant> Дресслер синдромы; кардиолог
<variant> жүрек жетіспеушілігі; кардиолог
<variant> қант диабеті, декомпенсация, энлокринолог
<question> 78 жастағы науқас әйел мойнында, иығында, жамбас белдеуінде ауыру сезіміне және құрысуға, бұлшық еттік әлсіздікке, субфебриль температураға шағымданды. 2-3 ай бойы ауырады. Объективті: пальпацияда мойын, иық тұсында, жамбас белдеуінде ауыру сезімі және қозғалысының айқын шектелуі. ЖҚА: ЭТЖ 70 мм/сағ. Науқастың сөзіне қарағанда преднизолонның 1 немесе 2 таблеткісі жағдайын жақсартады. Рентгенде сүйек-буын жүйесінде патология жоқ. Науқаста қандай диагноз?
<variant> жүйелі дерматомиозит
<variant> ревматизмдік полимиалгия
<variant> ревматоидты артрит
<variant> қатерлі ісік
<variant> ісіктік полимиозит
<question> 78 жастағы науқас әйел мойнында, иығында, жамбас белдеуінде ауыру сезіміне және құрысуға, бұлшық еттік әлсіздікке, субфебриль температураға шағымданды. 6 ай бойы ауырады. Объективті: пальпацияда мойын, иық тұсында, жамбас белдеуінде ауыру сезімі және қозғалысының айқын шектелуі. ЖҚА: ЭТЖ 70 мм/сағ. және креатининфосфокиназаның жеті рет жоғарылауы. Науқастың сөзіне қарағанда преднизолонның 1 немесе 2 таблеткісі жағдайын жақсартады. Рентгенде сүйек-буын жүйесінде патология жоқ. Сіздің тактикаңыз
<variant> ревматолог кеңесін ұйымдастыру
<variant> онколог кеңесін ұйымдастыру
<variant> ҚҚСЕД қатарымен емдеу
<variant> санаторий-курорттық ем
<variant> емге мұқтаж емес
<question> 68 жастағы науқас әйел клиникаға иығында, жамбас белдеуінде айқын бұлшықеттік әлсіздікке, қолдың буындарындағы ауыру сезіміне шағымданып келді. Объективті: қызғылт-көкшіл эритемамен периорбиталь ісіну, афония, иық және жамбас белдеуінің бұлшық етттері ісінген, қамыр консистенциялы. Буындарының сыртқы пішіні өзгермеген. КТ-да жұтқыншақта ісік анықталды. КФК 14 МЕ/мл жоғарылаған. Науқастың диагнозы.
<variant> екіншілік дерматомиозит
<variant> бұлшық еттік дистрофия
<variant> жүйелі қызыл жегі
<variant> жүйелі склеродермия
<variant> біріншілік дерматомиозит
<question> 40 жыл темекі шегетін егде жастағы науқаста қан аралас беткей жөтел, жарты жылда 20 кг-ға арықтау, әлсіздік, аздаған физикалық күш түскенде ентігу, нейтрофилез, тромбоцитоз және ЭТЖ жоғарылауы бар. Сіздің тұжырымыңыз, маман кеңесін ұйымдастырыңыз.
<variant> өкпе рагі, онколог
<variant> бөліктік пневмония, пульмонолог
<variant> бронх демікпесі, аллерголог

<variant> өкпе артерияларының тромбоэмболиясы, кардиолог
<variant> Леффлер синдромы, аллерголог
<question> 6 сағат шірік шөппен жұмыс жасағаннан кейін фермерде аралас сипатта ентігу, қалтырау, қызуының 39^0С жоғарылауы, аздаған қақырықпен жөтел, кейде қан аралас, қан сары суында преципитациялаушы антидененің табылуы келесі ауруға тән, маман кеңесңн таңдаңыз:
<variant> экзогенді аллергиялық альвеолит, аллерголог
<variant> өкпенің милиарлы туберкулезі, фтизиатр
<variant> бронхопневмония, пульмонолог
<variant> идиопатиялық фиброздаушы альвеолит, пульмонолог
<variant> бронхтық астма, аллерголог
<question> 65 жастағы әйел қол саусақтарының дисталь фалангааралық буындарының қызаруы, ісінуіне шағымданды. Басқа буын жағынан шағымдар жоқ. Диагноз?
<variant> эрозиялық остеоартрит
<variant> ревматоидты артрит
<variant> жүйелі қызыл жегі
<variant> анкилоздаушы спондилоартрит
<variant> жүйелі склеродермия
<question> 65 жастағы әйел қол басы саусақтарының дисталь фалангааралық буындарында ауыратын түйіндердің біртіндеп пайда болғанына шағымданды. Басқа буын жағынан шағымдар жоқ. Диагноз:
<variant> Геберден полиостеоартрозы
<variant> ревматоидты артрит
<variant> жүйелі қызыл жегі
<variant> анкилоздаушыспондилоартрит
<variant> жүйелі склеродермия
<question> 65 жастағы әйел қол басы саусақтарының проксималь фалангааралық буындарында ауыратын түйіндердің біртіндеп пайда болғанына шағымданды. Басқа буын жағынан шағымдар жоқ. Тұжырым:
<variant> Бушар түйіндері
<variant> ревматоидты артрит
<variant> жүйелі қызыл жегі
<variant> анкилоздаушыспондилоартрит
<variant> жүйелі склеродермия
<question> 72 жастағы ер кісі, 30 жыл бойы күніне 30 дана шылым шегеді, дәрігерге қан түкіріге шағымданып келді. Науқас күнделікті таңертең 5-10 мл қақырық түсуіне шағымданады. Физикалық және рентгенологиялық зерттеулер патология таппады. Қан түкірудің себебі жіне маман кеңесі:
<variant> бронхогенді карцинома, онколог
<variant> өкпе туберкулезі, фтизиатр
<variant> бронхоэктазия, пульмонолог
<variant> созылмалы обструкциялық бронхит, пульмонолог
<variant> альфа 1 -антитрипсиннің жетіспеушілігі, пульмонолог